

8 сәуір 2022 жыл.

ҒЫЛЫМИ МЕКТЕПТІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТКІЗІЛДІ

8 сәуір күні 12 сәуір – Ғылым күні қарсаңында Экономика және құқық факультеті, Қылмыстық-құқытық пәндер кафедрасының «Қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру» ғылыми мектебінің ұйымдастыруымен «Заңнамадағы жаңа өзгерістер» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Аталған шараға Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Атырау облысы бойынша басқарма прокурорлары Туленова Қарлығаш Демократқызы, Есенов Елеусіз Отарбайұлы, Атырау облысы прокурорының көмекшісі Мырзағалиева Әсел Маралқызы, Атырау облысы Полиция департаменті Жергілікті полиция қызметі басқармасы әйелдерді зорлық зомбылықтан қорғау тобының аға инспекторы, полиция майоры Айтжанова Райса Зейнелғабиденқызы мен Атырау облысы Полиция департаменті Жергілікті полиция қызметі басқармасы учаскелік полиция инспекторларының жұмысын ұйымдастыру тобының ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторын, полиция майоры Оразғалиев Мұрат Серікқалиұлы қатысты.

Кездесу барысында заңнамадағы жаңа өзгерістерге байланысты баяндамалар жасалып, статистикалық мәліметтер беріліп, тақырып аясында оқытушылар мен студенттердің қойған сұрақтарына жауап берілді.

Кездесу соңында модератор - Ғылым және халықаралық қатынастар жөніндегі проректор, PhD докторы Е.Қ Айбульдинов, Қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры, заң ғылымдарының кандидаты Ж.Б. Шаяхметова мен кафедра меңгерушісі, PhD докторы Р.Н. Шайхаденов келген қонақтарға алғыстарын білдіріп, «Құқықтану» және «Құқық қорғау қызметі» мамандықтары бойынша білім алушы студенттерді оқу-өндірістік практикадан өткізуге жағдай жасап, өзара ынтымақтастық туралы Меморандумды жаңартуға ұсыныс берді.

